



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- воспитание на этой основе патриотизма, уважения к прошлому своей страны, к наследию предков;
- формирование уважения к правам и свободам человека, религиозной и национальной терпимости, уважительного отношения к религиозным верованиям и традициям народов Казахстана и мира, к убеждениям и чувствам верующих и неверующих;
- необходимый уровень компетентности различных категорий служащих, депутатов представительных органов власти, работников органов образования и учреждений культуры, правоохранительных органов, военнослужащих, хозяйственных руководителей, работников общественных организаций и др. в вопросах религии, казахстанского законодательства и международных норм относительно свободы совести, вероисповедания и убеждений, правового регулирования деятельности религиозных объединений;
- теоретическую подготовку членов законодательных органов различных уровней для творческого и компетентного осуществления законотворческой деятельности в сфере свободы совести и вероисповедания.

И в заключении следует сказать, что религиозная грамотность молодежи, направленная на формирование религиозной толерантности является не только важным фактором для межрелигиозного диалога, но и ключем к решению многих серьезных проблем в сфере религии. Ведь в толерантном обществе нет места противоречиям и конфликтам между людьми разных национальностей и вероисповеданий. В свою очередь, стабильность межрелигиозных отношений и духовное согласие обеспечат многоконфессиональному Казахстану устойчивое развитие и успешное продвижение по пути прогресса и экономического процветания.

Религиозная толерантность является обязательным условием диалога между представителями различных конфессий, как на институциональном уровне, так и на уровнях индивидуального и массового сознания. Только через взаимное понимание друг друга, умение вслушиваться и слышать другого, можно выстраивать отношения и на личностном, и на межнациональном, и на межконфессиональном уровне.

И, самое главное, религиозная грамотность и воспитание пробуждают в человеке такие чувства, как любовь к Отчизне, соблюдение чести и достоинства. Религия имеет все большее значение в жизни подрастающего поколения. И от того, какое мировоззрение сформируется у молодежи, зависит будущее нашей страны. Еще пророк Мухаммед говорил о том, что религии сопутствуют знания. Образованный человек не может жить без веры. Поэтому знание основ религиоведения и права необходимо обществу Казахстана.

Список используемых источников

1. Нургалиева. А К вопросу о необходимости преподавания курса «религиоведение» в вузах Казахстана // <http://old.group-global.org/ru/session/view/457>
2. Компышова Л Повышение религиозной грамотности населения - основа стабильности государства // <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/12168>
3. Курганская В.Д., Косиченко А.Г. Состояние и тенденции исламского просвещения и образования в Республике Казахстан – Алматы, 2006. – 149 с.
4. Актуальные вопросы государственно-конфессиональных отношений в Республике Казахстан: сборник материалов. – Алматы: институт философии и политологии КН МОН РК – 2012 . – 72 с.

УДК 215:321.01.8(574)

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ

Нұрбек Ақнұр Қайрошқызы

aknur_94.12@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік Ғылымдар Факультетінің Дінтану

Бұл тақырыптың өзектілігі - біздің мемлекетте зайырлылық ұстанымы қаншалықты орныққан екенін анықтау және мемлекеттің мәңгілік дамуы мен гүлденуі үшін тиімді пайдалану болып табылады. Ол үшін мемлекет қандай іс-әрекеттерді қолданған жөн? Ең алдымен мемлекет пен дін ұғымдарына анықтама берейік. Мемлекет - белгілі бір аумаққа иелік етіп, сол жердегі халықтың еркін дамуына мүмкіндік беретін, қоғам табиғатынан туындайтын ортақ істерді атқаруға қажетті басқарудың жоғарғы дәрежеде ұйымдасқан жүйесі, саяси билік ұйымы. Ал дін - әлемдік өркениеттегі барлық қоғамдық құрылыстарға тән тарихи, рухани-әлеуметтік, дүниетанымдық және психологиялық құбылыс. Ол қай кезеңде болмасын үлкен маңызға ие. Зайырлылық ұғымының тарихына қысқаша шолу жасар болсақ, зайырлылық негізінен араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни ашық, сыртқы деген мағыналарда қолданысқа ие. Қазақ-мұсылмандық түсінігіндегі захири ұғымын «зайырлылық» ретінде Батыстан келген, яғни республикалық жүйедегі мемлекеттік басқарудың басты ұстанымы «лаицизмнің» баламасы ретінде қолданып келеміз. Лаицизм ұстанымы Батыс өркениеті негізінде пайда болды. Шіркеу барған сайын салтанат құрып мемлекетті Алланың атынан билеп төстеп, орта ғасырларда қоғамның барлық саласын қамтығаны сонша, католик шіркеуінсіз ойлаудың өзі күнә болды. Бүгін теократияның ең жоғарғы шыңы ретінде тарихта қалды. Тарихи үдерісте мемлекеттің билікті өз қолына алуы өте ұзақ әрі қиын қыстау жолдардан өтті. Батыста лаицизм ұстанымының пайда болуымен бірге дін мен мемлекет аясының ажыратылуы идеясы алғаш ренессанс пен реформалар қозғалыстары кезеңінде басталды. Мартин Лютердің протестанттық әрекеті папаның беделін түсіріп, ұлттық сананы оятып, лаицизмге жол ашты. [1]

Мемлекет пен дін өзара тығыз байланысты. Дін қоғамдағы негізгі институттардың бірі болып табылады. Мемлекет өз кезегінде осы қоғам арқылы құрылады. Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық негізде қабылдаған ел Конституциясы мен заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Сәйкесінше, діни талаптар мен ережелер, діни бірлестіктердің құжаттары біздің елімізде құқық негізі болып есептелмейді және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер ете алмайды. Қазақстан заңнамалары қандай да бір діни нормалармен байланысты емес және оны басшылыққа алмайтын болса да діннің жалпыадамзаттық және гуманистік құндылықтарын үнемі назарда ұстайды. Біздің мемлекетіміз зайырлылық ұстанымға негізделген. Оған дәлел Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. [2] Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.

Зайырлы мемлекет – діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы сипаты дінді жоққа шығару болып табылмайды. Зайырлылық адамның діни сенімге бостандығын мойындап, діндарлықты адам болмысына тән сипат ретінде айқындайды. Бүгінгі еліміздегі зайырлылық адами құндылықтарды басты орынға қоюдан, ар-ұжданы мен сенім бостандығын еркін ұстануды заң тұрғысынан қарастыруынан көрінеді. Зайырлы мемлекет діни таным құндылықтарын мойындап, мемлекетке зияны тимейтіндей қалыпта діни сенімнен адам болмысына жағымды әсерлерді

алуға шақырады.

Қазақстан Республикасы аумағында зайырлылық құқықтық қағида негізінде қарастырылғанын жоғарыда айтылған болатын. Енді мемлекеттің зайырлылығы жайлы айтқандарды өзге елдердің мысалында қарастырып көрелік. Мысал ретінде Батыс елдерінде зайырлылық принципі қалай өрбіп жатқанын алуға болады. Франция мемлекеті біздің еліміз секілді өзін айқын және нақты зайырлы мемлекет ретінде көрсетсе, Португалия мемлекеттік биліктің шіркеуден, діни бірлестіктерден бөлінгендігін айтады. Ал Италияда дін мен мемлекет өздеріне тиесілі салаларда тәуелсіз және тең құқылы, ал Испанияда ешбір дін мемлекеттік бола алмайды екен. Зайырлылық ұстанымын батыс елдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып қолданысқа енгізгенімізді мойындаған жөн. Алайда бұл принцип біздің мәдениетте немесе дінде жоқ деген сөз емес. Жалпы Қазақстан 130-дан астам ұлт өкілдерін бір тудың астына жинаған көп ұлтты мемлекет болып саналады. Дегенменде сол халықтардың ішінде 70%-ға жуығы қазақтар. Қазақ мәдениетінің мазмұнында ислам діні жатыр. Ислам діні де зайырлы дін болып саналады. Қазақ мұсылмандық тарихында Матуриди ақидасы, Ханафи фикхы мен Иасауидің ар ілімі ұштасып, сіңіскен. Оларды ділімізден, әдет ғұрпымыздан, салт дәстүрімізден көруге болады.

Зайырлы мемлекет таза күйінде ешбір дінді ресми мемлекеттік деңгейге көтермейді және міндетті дін ретінде қарастырмайды. Бірақ кейбір демократиялық мемлекеттерде ресми түрде кейбір діндердің мемлекет тарапынан қоғамға және кейбір мемлекеттік құрылымдарға әсеріне байланысты маңызды орны жайлы айтылады. Мысалы, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңында ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін танитындығы жазылған. [3] Бірақ, еліміз ханафи бағытындағы ислам мен православиенің маңызды орнын көрсете отыра өзінің зайырлы сипатынан айырылып отырған жоқ. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясында дін мемлекеттен бөлінген делінбеген. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңының 4-бабында «Діни бірлестіктер мемлекеттен бөлінген» — делінген. Ал Конституция заңының бірінші бабында Қазақстан «зайырлы» мемлекет деп жариялаған. Көріп отырғанымыздай, дін емес, діни бірлестіктер мемлекеттен ажыратылған деп жазылған. Ендігі кезекте зайырлылық ұғымының бірнеше қырын қарастырып көрелік. Біріншіден, дүниетанымдық тұрғыдан, зайырлық діни дүниетанымнан өзгеше принциптер мен ұстанымдарға негізделетін көзқарастар жүйесі. Бұл тұрғыда зайырлы дүниетанымның қалыптасуында ғылыми білімдер жүйесі маңызды рөл атқаруы мүмкін. Алайда, ғылыми таным зайырлы дүниетанымның маңызды элементі болғанымен, оның мазмұнын толық қамтымайды. Екіншіден, зайырлық ерекше құндылықтар жүйесі ретінде де қарастылуы мүмкін. Үшіншіден, саяси-құқықтық тұрғыдан, зайырлық мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қатынастарды реттеудің діни құқық нормаларынан ажыратылғанын білдіреді. Мемлекеттің зайырлы сипаты оның діннен ажыратылғанымен ғана емес, сонымен қатар атеистік дүниетанымның және басқа да бір дүниетанымның басымдылығын мойындамайтынымен де сипатталады. [4]

Қазіргі күнде еліміздің жоғары оқу орындары мен орта мектептердің білім беру бағдарламалары жүйесіне «Дінтану негіздері» мен «Дінтану» пәндерінің қосылғанын айта кеткен жөн. 2009 жылдан бастап орта білім беру мекемелерінің 9-сынып оқушыларына таңдау бойынша «Дінтану негіздерінен» арнайы курс оқытыла бастады. Аталған курстардың енгізілуі дін мәселелері бойынша жастармен жүйелі ағартушылық жұмыстарды жүргізуге және олардың бойында кереғар діни ағымдардың теріс идеологиясына қарсы тұра алатын иммунитет қалыптастыруға бағытталған. Осы курстарды оқыту жастардың өмір сүріп отырған діни сенімдер мен мемлекеттің зайырлы қағидаттары туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

Аталған курстың мемлекеттің зайырлы принциптері мен Қазақстан қоғамының дәстүрлі құндылықтарын түсіндіру бөлімдерінің мазмұнын жетілдіру бойынша жұмыстар атқарылуда. Осыған сәйкес курс атауын «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп өзгерту

жоспарланып отыр. Сәйкесінше жаңа оқу бағдарламасы мен оқулықтар әзірленуде. Сонымен қатар, курс мазмұнына өзекті толықтырулар енгізіліп, оған антиэкстремистік және антитеррористік тақырыптарға арналған тараулар қосылатын болады.

Қазіргі уақытта діни қатынастар саласындағы маңызды мәселелердің бірі – толеранттылық принциптерін қоғамдық өмір тәжірибесіне кеңінен енгізу. Толеранттылық шығыс елдерінде басқаға мейірімділік таныту, кешірімді болу, жаны ашу мағынасында қолданылады. Толеранттылықтың шығыстық түсінігі қазақ халқына да тән. Қазір күні ана тілімізде толеранттылықтың синонимі ретінде тағаттылық, төзімділік сөздері қолданылып жүр. Толерантты болу – барлық адамдарға ортақ бір принциптерді басшылыққа алу, жүріс-тұрыста, көзқарасты байқатуда белгілі бір әдептілікті сақтау, адамдардың намысына, ар-ожданына нұқсан тигізбеу. Толеранттылық сана мен мәдениет қазіргі Қазақстан қоғамы үшін маңызды әлеуметтік құндылыққа айналуы қажет. Бұл сана мен мәдениетті қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру саласы алдыңғы қатарда тұратыны анық. Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық құжаттарында атап көрсетілгендей, «қазақстан мемлекетінің мәдени саясатының басым бағыттарының бірі – ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын игеруге бағытталған білім беру мен тәрбиелеу жүйесін дамыту, азаматтардың осы салалардағы мүмкіндіктері мен құқыларының теңдігі».

Қазақстан қоғамында, әсіресе жастар арасында діни толеранттылықты, толерантты әдеп пен мәдениетті қалыптастыруда жоғарыда аталған мемлекет пен діни бірлестіктер арақатынасының құқықтық және әлеуметтік аспектілерін де естен шығармауымыз керек. [5]

Қорыта айтқанда, мемлекет пен діннің ортақ мақсаты – адам абыройын, ар-намысын сақтау, адамгершілік нормаларының қоғамдық сана мен болмыста терең тамыр жаюына негіз қалау. Зайырлылық – атеистік мемлекет дегенді білдірмейді. Ол – мемлекеттік билік пен дін билігінің ажыратылуы. Зайырлы елде мемлекеттің билігі бірінші тұрады, яғни діни билік мемлекеттік билікке бағынады деген мағынада қараған жөн. Зайырлылық мемлекеттің демократиялық, рационалды ұстанымдарға негізделуін білдіреді.

Жалпы, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында» аталып өткендей, Қазақстанның болашағы рухани және діни құндылықтар мемлекет пен қоғамымыздың дамуына қолғабыс ете алатын зайырлы мемлекетке тұғырланады. Бұл дамуды, сапалы білім алуды, өзін жүзеге асыруды, адам құқығын сақтауды және еліміздің демократиялық болашағын көздейтін - зайырлылық. Зайырлылықты біз батыс елдерінде секілді емес, өзіміздің дүниетанымыз, көзқарасымыз, ерекшеліктерімізге сай өзіндік мәтінде қайта қарау керек деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиет

1. Кенжетай.Д.Т:Зайырлы ел болу мен дін ұстау мәселесі туралы. «shyn.kz» сайты
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы
3. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, 11 қазан 2011 жыл.
4. Кенжетай.Д.Т:Зайырлылық концепциясы қазақтың тарихымен тығыз байланысты "E-islam.kz" сайты
5. Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. Алматы, 2009. 242 б.

УДК 373.015.3

МЕКТЕП ҮРДСІНДЕ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.

Суннатова Әйгерім Кулбайқызы

a.aigera_96.96@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ Филология және көптілді білім беру институтының 2курс студенті, Алматы, Қазақстан

Мектеп ережесінің мәнін, сыр-сипатын терең ашып түсіндіре білу - тәрбиешінің төл жұмысы. ^[1]

Тәрбиелеу- халықтар бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. (Әл-Фараби) «Тәрбие-біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал ету... Тәрбие бізге мәлім адамгершілік әдеп ғұрыптарын меңгеруді мақсат көздеп, бір адамның екінші адамға ықпал етуі.(Л.Н.Толстой)

Тәрбие қандай да болмасын қоғамның маңызды қызметін құрайды. Жаңа нарықтық қатынасқа лайықты жаңа тұлға кісілікті адамды тәрбиелеу-біздің басты мақсатымыз бен міндетіміз болып табылады.

Тәрбиелеу дегеніміз-баланың қоғамдық тәжірибені игеруі. Ол оқыту процесімен қатар жүреді. Бала оқу процессінде білім жинақтайды, еп-дағдыларға үйренеді, қабілет-қарымын жетілдіреді, дүниетанымы кеңейеді. Тәрбие адам өмірінің бір кезеңінде ғана жүретін құбылыс емес, ол адамға өмірбойы сіңіп отыратын қасиет.

Тәрбие ісіндегі негізгі тұлға ұстаз. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», деп Абай ағамыз айтқандай Ұстаздық ұлы өмір.

Қиын балалар жайлы түсінік.^[2]

Қиын балалар дегеніміз-ол кейбір себептермен қайсыбір балалардың мінез-құлқында қарама-қайшылықтарынды пайда болуы, келіспеушілік жағдайының туындауы. Бұл дегеніміз педагогикалық іс әрекетке бағынбау қарсы тұру деген сөз.

«Қиын балалар», «қиын тәрбиеленушілер» категориясы шындығында өмірде кездеседі. Олар мектепке дейін де, мектепте де кездеседі.

Қиын балалар және мінез-құлықтағы қиындық ұғымы 1920-30 жылдары П.П. Блонскийдің еңбектерінде пайда бола бастады. Оның зерттеулерінде қиын балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетеді. Ол қиын балаларға мұғалімнің қатынасы арқылы қиын оқушы терминін нақтылауды жөн көреді. Бұл балаларға былайша мінездеме береді: объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы –мынадай, ол мұғалімнің жұмысының жемісті еместігіне байланысты. Субъективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, онымен мұғалімге жұмыс істеу өте қиын, мұғалімнен көп жұмыс істеуді талап ететін оқушы. Істі бүлдіруші оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П. Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөледі. Блонскийдің пікірі бойынша қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы, тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады. Қиын бала мәселесі бойынша ең алғаш зерттеу жүргізген П.П. Бельский кәметке жасы толмаған мінез-құлқындағы қиындығы бар балалардың ішкі дүниесін қарастырды.^[3]

Ағылшын психологы Хевитта және Дженкинс қиын балаларды екі үлкен категорияға бөлген:

1. Әлеуметтік формадағы антиқоғамдық мінез-құлқы тән балалар.
2. Әлеуметтік емес антиқоғамдық агрессивті мінез-құлықты балалар.

Бұл балалардың жанұясымен, қатарластарымен қарым-қатынасы жаман, эмоциялары бұзылған, агрессивті, қатыгез әрі кекшіл балалар.

Оларды бұзақы балалардың категориясымен теңестіруге болмайды. Бұл мектепте және қоғамдық орындарда тәртіпті бұзушы психикалық және физикалық жағынан қалыпты бала. Көбінесе, ондай балалар бұл тәрбиелеуші мен тәрбиеленуші арасындағы келіспеушілік жағдайдан тұрады. Кейде бұл келіспеушілік шынайы қарама қайшылықтардың соқтығысуынан, яғни бірін бірі түсінбеушіліктен туындайды. Бұл тұста өмір дамуының диалектикалық құбылыс екенін түсіну керек, яғни өмірде қарама-қайшы нәрселер әрқашанда кездеседі: өмір мен өлім, дені сау мен ауру, қайырымдылық пен зұлымдық. Осылардың қақтығысуынан және күрес нәтижесінде өмір дамуы жүреді, қоғам, ұжым және адам дамиды.

Ғалымдардың бірқатары қиын балалардың пайда болуын өмірдің қолайсыз және әлеуметтік-биологиялық факторлармен байланыстырды.

Қиын балалар мәселесін туындататын негізгі себептер мен оны тәрбиелеу жолдары.

И.А. Невский қиын баланың пайда болуы отбасындағы, мектептегі жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен деп түсіндірді. Яғни, ата-ана тарапынан, мектеп қабырғасынан жылулық сезінбеген, мейірімділік көрмеген оқушы өмірде өзінің ешкімге қажетсізін деп есептеп, ашуланшақ, агрессивті, қатыгез болып өседі. Қиын оқушының пайда болу себептерін анықтағанда, біріншіден отбасындағы тәрбиеге, ал екіншіден мектептегі оқу-тәрбие мәселесіне аса көңіл бөлеміз. Өйткені, көптеген психолог ғалымдардың зерттеулеріне жүгінетін болсақ, оқушылардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себептерін отбасындағы дұрыс тәрбие бермеудің салдарынан болатындығын анықтады:

- 1) отбасының әлеуметтік және экономикалық жағдайы;
- 2) ата-ананың баласына немқұрайлы қарауы;
- 3) қараусыз қалған бала немесе шектен тыс қамқорлық

Бала мектепке келген кезден бастап оқушы - мұғалім және оқушы-оқушы арасында қарым-қатынас қалыптаса бастайды. Бұндай қарым-қатынасты орындау оқушыға бастапқыда қиын соғады. Жалпы мектептегі мұғалімнің барлық балаларға қойылатын талаптары да көзқарастары да бірдей болуы керек. Дегенмен де кейбір мұғалімдердің өзінің сүйіктілері және сүйікті емес оқушылары да (гадкий утенок) болады. Бұл мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас орнатуын аса қиындатады. Өйткен мұғалім өзінің сүйіктілеріне жақсы баға қойып, қолдап отырады, ал қалған балалар қаншама тырысқанмен шет жақта қалып «Мен қанша тырысып айтқанмен де төмен баға қояды» деген пікірлер қалыптасып, оқушылардың оқу мотивациясының төмендеуіне әкеледі.

Белгілі ғалым Л.С. Выготский былай деп жазған: «Қызығушылық-бала қылығын итермелеуші күш. Баланың іс-әрекеті оның органикалық қажеттілігімен сәйкестілігін көрсететін инстинктивті ұмтылыс. Тұлғаны қандай да бір іс-әрекетке шақырғыңыз келсе, ең алдымен оның қызығушылығын тудыру қажет. Оның сол іс-әрекетке дайын екеніне және оны орындауға барлық күшін бағыттайтынына көз жеткізуге керек. Сонда ғана тұлғаның іс-әрекетті өз бетінше істей алады, ал мұғалім тек қана оның іс-әрекетін басқарып және бағдарлап отырады».

Сонымен балалардың мінез-құлқындағы қиындықтардың пайда болу себебі, біріншіден, отбасы тәрбиесі десек, екіншіден, мектептегі оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктермен сипатталады.

Көптеген ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей қиын тәрбиенің пайда болуы отбасында. Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы-отбасында қарым-қатынастарды орнату.

В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына ,ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты ,тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады. Отбасының қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан қырлы. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі –Отанды сүйю, өмірге құштарлық , сұлулықты тану бала бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян.

А.С. Макаренко: «Тәрбие –баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді.Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі -өнеге көрсетуінде»,-деген ғой.Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал.

Баланың айтайын деген өтінішін ,ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кенес беруі керек.

Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе ,кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады.Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені

белгілі.

Қолданылған әдебиет

1. С.Ш.Әбенбаев «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» Алматы 2004
2. Ж.Түрікпенұлы «Тәрбие психологиясы» Алматы 2008
3. Рабочая книга школьного психолога/ Под ред. И.В. Дубровина. - СПб., 1998.
4. Степанов С.С. Психология трудных школьников: Учебное пособие. М., 1996.
5. Раттер М. Помощь трудным детям. - М., 1987.
6. Вестник КАСУ №1 - 2006.

УДК 2:008:37

«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ДІН ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Снадин Асылбек Алтынбекұлы

asyl.rainman@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Дін тану кафедрасының
2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Избаиров. А. К.

1911-1915 жылдары Мұхаметжан Сералиннің ұйымдастыруымен шыққан «Айқап» журналына Алланы ауызға алып отыратын қазақы мінез тән. «Айқапты» шығарудағы мақсат-дүние жиып, баю емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болып, не жазса да таза жүрек, таза ниет қана болғандығын жазған еді М. Сералин. Троицк қаласында он бір нөмірі шығып, халықты оятуға күш салған журналға «Тұла бойым тұңғышым» деп еміренген Сұлтан Бақытжан Қаратаев: «Сапарың қайырлы, маңдайың ашық, жолың құтты, ғұмырың ұзақ болсын!» деп тілегін тілеп, Аллаға мінажат етеді [1].

1920 жылдары партия қатарына тазалау жүріп, «құдайға сену мен партия қатарында болу бір-бірімен қабысады деп сенесіз бе? Егер сенсеңіз, сеніміңізді қалай білдірер едіңіз? - деген құйтырқы сұрақ қойылған анкетаға жауап берген М. Сералин: «Құдайдың бар, оның мәңгілік екендігіне, жазаның бар екендігіне сенемін. Бірақ шіркеуліктің барлығын жоққа шығарамын» -деп жауап берген [1]. Жазаласаң, жазала. Өз дінімді жоққа шығармаймын деген ойды байқаған комиссия оны партия қатарынан мүлде шығармақшы болады да, кейіннен «маркстік ілімді» жете меңгерсін деген оймен кандидат етіп қалдырады.

«Сырттай қарағанда М.Сералин патша әкімшілігі белгілеген программаны қолданғанымен, іс жүзінде журнал бетінде көтерілетін мәселелердің шеңберін кеңейтті. Ол Қазақстанның XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси жағдайын, экономика, право, тарих және мәдениет мәселелерін қамтитын бірнеше бөлімдер мен рубрикалар ашты» [1].

Бұл бөлімдер мен айдарларда аты аталмаса да дін мәселелері жиі көрініс тауып отырды. Журнал бетінде әдет-ғұрыпты немесе шариғатты ұстанамыз ба? -деген тақырыптағы мақалалар біршама [2]. Мұсылмандар үшін шариғаттың орны бөлек. Сондықтан бұл журналда осы мәселенің талқылануы орынды. Өйткені Құран мұсылманшылықтың теориялық, методологиялық негізі іспеттес болса, оны толықтырып тұратын басты-басты екі кітабы бар. Олардың бірі Сунна, екіншісі Шариғат. Құран мен Суннаға негізделіп, соларды басшылыққа алып жазылған еңбек Шариғат кітабы. Әмен Жүсіпұлының «Оқыту хақылы шариғат не айтады?» деген мақаласы -Ислам дінінің таза ғылымға, білімге үндейтінін ашып айтқан сауатты шығарма. Мысалы, бұл мақалада мынадай ауқымды, зерделі ойлар айтылады: «Шариғат барлығымыздың ынтымақта болып, әрбір істе бірлікте болуымызға, барлық мұсылман бір-біріне өз туғаны секілді қарындас болуға, мынау қазақ, мынау татар, мынау башқұрт деп бөлінбеске бұйырған. Бір кісінің баласындай бір-біріне жәрдемдес болуға, зорлық-зомбылық қылудан сақтануға бұйырған. Біріне пайда келсе, екіншісі өзіне пайда келгеніне қуануға, залал келсе, қайғыруға, күнә, қастық қылмасқа, өзім ғана болсам екен,